

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 01

Мерзімі: 28.08.2020жыл.

қатысты - 3

Күн тәртібінде.

- 1.2020-2021оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның жылдық оқу тәрбие жұмысымен таныстыру және жоспарды бекіту.
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы.
- 3.Тәрбиешілердің 2020-2021оқу жылына құжаттар реттілігімен танысып бекіту.
- 4.Баяндама: «мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диалогтық сөйлеуді дамыту. »
- 5.2020-2021оқу жылына білім беру үрдісін ұйымдастыруға топтардың дайындығы.

Тыңдалды: Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева онлайн форматта WhatsApp конференция түрінде ұйымдастырылды. Меңгеруші педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап елімізде бүткіл әлемді жайлаған пандомияға байланысты педагогикалық кеңесіміз онлайн форматта ұйымдастырдым. Меңгеруші жылдық жоспардың структуралық моделі мен, мақсат міндеттерімен таныстырды. Жылдық жоспарды Бекітуді ұсынды. Педагогтар бекітуді қолдады.

Сөз сөйледі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген ұйымдастырылған оқу қызметінің 12.05.2020 жыл № 195 бұйрығымен бекітілгенін айтып үлгілік оқу жоспарындағы сағат сандарымен таныстырды.

Сөз сөйледі: Меңгеруші тәрбиешілердің ағымдағы құжаттарын бекітуге кезектесіп келгенде бекітуге әкелетіндерін айтты. «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диалогтық сөйлеуді дамыту » тақырыбындағы баяндаманы чатқа тастап әр педагог өзі оқып ұғынуді ұсынды меңгеруші.

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 02

Мерзімі: 01.09.2020 жыл.

қатысты -3

Кезектен тыс кеңес.

Күн тәртібінде.

1.Коронавирустың инфекциялық таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған оқу қызметіні ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдармен танысу.

Тыңдалды: Құрметті педагогтар елдегі індетке байланысты жылдағыдай жұмысымызды бастай алмай отырмыз, бырақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығының 1 қосымшасы негізінде жұмысымызды балабақшада қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметі қашық форматта ұйымдастырылады деді меңгеруші. Сөз балабақша әдіскеріне берілді.

Сөз сөйледі: Ұйымдастырылған оқу қызметі, ата-аналар үшін кеңестер қашықтан білім беру технологиясын қолдана отырып үй жағдайында балаларға материалдар ұсынылады, ата-аналардың жетекшілігімен педагогтардың тапсырмасын үйренеді және орындалуын қадағалайсыздар. Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен тіғыз байланыста боласыздар. Баланы қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін сіздер көпшілікке түсінікті WhatsApp желісі арқылы ұйымдастыру тиімді болады деп ойлаймын. (ата-аналардың қалауы бойынша) Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру туралы оқу қызметінің басталу уақытын көрсете отырып хабардар етесіздер.

Шешім:

1.Білім беру Online. edu .KZ платформасын пайдалану арқылы бейне сабақтар, аудио ертегілер, т.б. ұйымдастырылсын.

2.Тәрбиешілер даусы қалыпты, жағымды, дикциясы жақсы болсын.

Кеңес төрайымы:

К. Нурходжаева

хатшы

А.Сатбергенова



Педагогикалық кеңес

Хаттама № 03

Мерзімі: 01.03.2021 жыл.

қатысты -3

Күн тәртібінде.

1. Кезекші топ ашу үшін InfoKazakhstan .kz. парталына тіркелу туралы.
2. Кезекші топтардың жұмысын ұйымдастыру .

Тыңдалды: Сөзді бөбекжай балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева алды. Құрметті әріптестер кезекші топ ашу үшін керекті іс шараларды орындауды ұсынамын. Мен өзім тарапымнан АКТ және алгоритм алып жұмыс бастауды ұйғардым. Ұжым педагогтары қолдады. Ия жан жағымыздағы мемлекеттік көрші балабақшалар жұмысын жүргізіп бастады Тәжірибе алмасып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің №345 бұйрығын негізге алып 2021 жылдың 12 наурызында кезекші топтармен жұмыс бастаймыз деді меңгерушісі. Кезекші топтардың жұмысы санитарлық талаптарды қатаң сақтаған жағдайда, оның ішінде осы тәртіпке сәйкес ата аналардың өтініштері негізінде жүзеге асырамыз. Кезекші топқа баруға ниет білдірген жағдайда балалардың ата аналары балабақша басшылығының атына өз ниеті туралы өтініш жазады оны тәрбиешіге береді. Сіздер өтінішті балабақша басшысына тапсырасыздар. Өтініштер негізінде 15 балаға дейін кезекші топтар құрылады. Баланы қабылдау балабақша медицина қызметкерінің тексеруі мен жүзеге асырылады. Топтар ашылған соң алгоритммен жұмыс жүргізіледі. Балабақшаның барлық қызметкерлерін және балаларды медицина қызметкері күн сайын таңертеңгі сүзгіден өткізу керек. Егер ауыру белгілері анықталса жұмысқа жіберілмейді. Балаларда анықталса ата аналарымен үйіне қайтарылады. Созылмалы ауырулары жоқ, ата аналары жұмыс істейтін отбасыларының балаларын қабылдауды ұсынамын. Кезекші топтарға баруды таңдау құқығы ана аналарға байланысты. Кезекші топқа келетін балалардың ата аналары санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз ету керек қол орамалдар, дымғыл бактерияға қарсы майлықтар мен маскалар 5 жастан бастап. Сөз балабақша медбикесі Айдана Өсербайға берілді.

Тыңдалды: Балалардың ата анасы балабақшаның сыртқы кіретін есігіне дейін ертіп апарады, балабақша кіреберісінде тәрбиеші баланы қабылдайды. Кіреберісте баланың дене қызуын күн сайын өлшеу керек. Әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін ойын алаңдарын барынша

пайдалануымыз керек. Кіреберістегі дезинфекциялау кілемшесі, санитайзерлерді қолданыңыздар. Топтарда, дәліздерде, холдарда ылғалды жинау жұмыстары жүргізіледі. Балалар үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру, әр бір бөлмені желдету, кварцтау жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамыз міндетті түрде.

Сөз балабақша әдіскері А. Сатбергеноваға берілді. Кезекші топтарда оқу қызметі үлгілік оқу жоспарына сәйкес кесте бойынша жүргізіледі. Ұйқы, демалыс, тамақтану оқу қызметінің режімі сақталады дейілген 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрықта.

Шешім:

1. Балабақша дезинфекциялау құралдарының қорымен қамтамасыз етілсін.
2. Ересек тобының балаларына ата аналар санитарлық қауіпсіздік құралдарымен қамтамасыз етсін.
3. Балаларды кезекші топтарға апара отырып, індеттің таралмауына барлық шараларды қолдансын.
4. Кезекші топтарға келетін балалар тізімі бекітілсін.
5. Кезекші топтарда білім беру процесі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы
хатшы



К. Нурходжаева
А. Сатбергенова

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 04

Мерзімі: 28.05.2021жыл.

қатысты -3

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңес шешімінің орындалуы.
- 2.Орындалған жұмыс туралы есеп.
- 3.Қорытынды мониторинг.
- 4.Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.
- 5.Шынықтыру шараларының өткізілуі (бақылау қорытындысы)

Тыңдалды:Педагогикалық кеңесті балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева ашты.Меңгеруші өткен кеңес қаулысының орындалуы туралы айтты. Бүгінгі таңда балабақшаларға Covid-19 дың алдын алу бойынша қатаң талаптар қойылған. Олардың негізі үй –жайларды, мекемелерді дезинфекциялау. Балабақшамыз жеткілікті мөлшерде қорғаныс құралдарымен қамтылды. Тазалық құралдарының қауіпсіздігі туралы барлық қызметкерлер біледі. Дезинфекциялау құралдары вирустық инфекциялар кезінде өте қажетті екенін барлықтарыңіз білесіздер. Ересек тобының балаларына ата-аналары антисептиктер,ілғалды салфеткалар,маскалармен қамтамасыз етті. Ата-аналар кезекші топтарға әкеле отырып міндетті түрде медициналық немесе матадан тігілген маскаларды киіп келуі айтылған Ата-аналар індеттің таралмауы үшін керекті шараларды қолдануда. Кезекші топқа келетін балалар тізімі алынды,оқу-қызметінің кестесі бекітілді. Кезекші топтарда білім беру процесі ұйымның бекітілген жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Сөз сөйледі: Балабақша әдіскері А.Сатбергенова 2020-2021оқу жылында орындалған жұмыс туралы есеп берді. Елдегі індетке байланысты наурыз айына дейін біздің балабақшада басқа балабақшалар қатары қашықтықтан оқытты. Жылдық жоспарда белгіленген шаралардың біразы өтілмей қалды. Наурыз айынан бастап кезекші топтар ашылып жұмыс жанданды. Тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылған нормалар менталаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі мен оқыту стандартына сәйкес,үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізілді.Әр аптаның дүйсенбі және жұма күндері аралығында күнде таңғы жаттығулар ұйымдастырылады. Баланың өмір қауіпсіздігіне байланысты әңгме сұхбат жүргізілді. «Үйдегі қауіпсіздік» туралы кеңес, «Абайла балақай» жол белгілері туралы қимылды ойындар,

денсаулығын сақтау үшін кеңестер берілді. Денсаулық мерекесі «Біз болашақ спортшылар» ұйымдастырылды. Мамыр айында достық мерекесіне орай «Достығымыз жарасқан» сурет көрмесі, «Мен бәріне бейбітшілік тілеймін» мерекелік концерт программасы, «Ұлы жеңіс туы желбіре» мерекелік ертеңгілік ұйымдастырылды. Топтарда ішін ара ұлттық ойындар сайысы «Кім күшті-кім епті» спорт сайыстары өткізілді. 1-Маусым балалар күніне орай Асфальтке сурет салу, түрлі-түсті шарларды ұшыру сияқты іс шаралар жүргізілді. Ата-аналар бұрыштарында ақпараттар жаңартырылды. «Жаз мезгілі тамаша» атты фото сурет көрмесі ұйымдастырылды. Еңбекке баулу жұмыстарыда күнделікті жалғасуда. Балалармен мектепке мақсатты саяхат ұйымдастырылып сынып бөлмелерімен, спорт зал, кітапхана, асхана, мектеп ауласымен таныстырдық. Жаз айларында әр күнімізді қызықты ұйымдастырып жұмыс жүргіздік Балаларды шынықтыру жұмысы жаз бойы жалғасты деді әдіскер.

Сөз сөйледі: Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша дағдылардың қалыптасу деңгейі 2020-2021 оқу жылының қорытынды даму мониторингінің нәтижесі туралы әдіскер есеп берді.

Тыңдалды: Шынықтыру шараларының өткізілуін ұйымдастырудың бақылау қорытындысын балабақша меңгерушісі К. Нурходжаева айтып өтті. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой – өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін шынықтыру шараларының ұйымдастырылуының алар орны зор. Біздің бөбекжай балабақшамызда да баланың дамуын қалыптастыруға шынықтыру шаралары қаралған. Топтарда таза ауада дене шынықтыру, ертеңгілік жаттығулар, спорттық ойын-сауықтар, қимылды ойындар, сергіту сәттері ұйқыдан кейінгі гимнастика, түймелі кілемшелер үстінен жалаң аяқ жүру процедуралары ұйымдастырылды. Жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, лақтырып тосып алу, еңбектеу, өрмелеу сияқты негізгі қимыл түрлерін орындай алады. Шынықтыру шараларын қолдану арқылы бала денсаулығы жақсарады. Шынықтыру шараларың дағдылары қалыптасқан. Балабақшадағы шынықтыру жұмыстарың деңгейі жақсы деді меңгеруші.

Сөз сөйледі: тәрбиеші сөз алды. «Балапан» тобында ұйымдастырылған «Епті саусақтар» тақырыбындағы оқу қызметіне қатыстым. Тәрбиеші барлық баланы оқу қызметіне қамти алды. Тәрбиешінің дауыс ырғағы жұмсақ, балалар тыңдауға дағдыланған. Балаларды мақтап мадақтап тапсырмаларды орындата білді деді А. Сатбергенова.

Сөз сөйледі: Өтілген ашық оқу қызметтерінің жетістіктері және кемшіліктері айтылды. Ұсыныстарымыз да айтылып ашық оқу қызметтері жақсы дережеде ұйымдастырылды деді балабақша әдіскері.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі сөзді мейірағаға берді. Денсаулықты жақсарту үшін баланы шыдамдылыққа, іскерлікке, психологиялық және физикалық үйлесімділікке биімдеу қажет. Салауатты өмір салтын қалыптастыру, дене жаттығуларын үнемі жасау шынықтыру шараларына белсенді түрде қатысу керек деді мейіраға.

Сөз сөйледі: Жылдық жоспарда бекітілген сауықтыру жұмысының мазмұны мен таныстырды. Балаларды шынықтыру, еңбекке баулу, сюжеттік-рольдік, қимылды, дидактикалық ойындарды өткізу туралы кеңес берді.

Шешім:

1. 2020-2021 оқу жылында орындалған оқу- тәрбие жұмыстары қанағаттанарлық.
2. Жазғы кезенге барлық ойын алаңдары дайындалсын.
3. Жазғы кезен жұмыс жоспары бекітілсін.

Кеңес төрайымы  К. Нурходжаева

Хатшы:  А. Сатбергенова

